

Наурызбай А.Ж.,

з.ғ.к., доцент, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының меңгерушісі, ҚазГЗУ құқықтық саясат және
конституциялық заң ҒЗИ бас ғылыми қызметкері

ҚР-НЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ТІЛ САЯСАТЫ ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ DAҒДАРЫС JAҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ NYҒАЙТУДЫҢ MAҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

2012 жылы желтоқсандағы Елбасының халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясы жайлы айтылды. Оның басты мақсаты – күшті мемлекеттің, дамыған экономика мен жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктерінің негізінде игілікті қоғам құру, Қазақстанды әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосу. Алдағы онжылдықта мемлекеттің қызметіндегі басым бағыт постдағдарысты дамуға дайындық болып табылады. Мұнымен қоса мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды тарату бойынша жұмыстар жалғаса береді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазіргі жолдауында 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму Стратегиясын жүзеге асыру бойынша шаралардың нақты бағдарламасын ұсынды. Елбасы ұлттық идея мен еліміздің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын баяндап берді. Президент «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды» деп ерекше атап өтті. Қазақстан халқының бірлігін нығайтушы болып табылатын мемлекеттік тілдің осы міндеттің ажырамас бөлігі болғандығы қуантады.

Тіл саясатын жүргізу Қазақстандағы азаматтық келісімге, Қазақстанда тұратын халықтар мен әртүрлі этнос өкілдерінің арасында достықты нығайтуға, тұрақтылық пен татулықты сақтауға ықпал етуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік тілді институттандыру кезең-кезеңімен, біртіндеп жүзеге асырылады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық бойынша Ұйымға төрағалық ету туралы шешімге ықпал еткен шынайы факторлардың бірі мемлекет басшысының этносаралық және конфессияаралық ішкі саясатты үйлесімдікпен жүргізуі болып табылады. Қазақстан Республикасы – посткеңестік кеңістікте КСРО-ның дағдарысы кезінде және ол құлағаннан кейін де ұлтаралық қақтығыстарға жол бермеген аз-кем мемлекеттердің бірі. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық ұлттары мен ұлыстары үшін экономикалық, әлеуметтік, рухани даму мүмкіндіктерінің теңдігі қамтамасыз етілген, ұлтаралық келісім принциптері, қазақстандық халықтардың бірлігі, гуманизм, ұлт құқығы мен адам құқығының үйлесімдігі іс жүзінде жүзеге асырылған

көпұлтты, мәдени және көпконфессиялы қоғам құру ісінде жеткен жетістіктері айқын көрінуде.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік ұлттық саясаттың негізгі конституциялық принциптері:

- ұлттық саясатты жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын ұлтаралық қатынастар саласында ерекшеліктер мен негізгі үрдістерді ескеру;

- адам мен азаматтардың нәсіліне, ұлтына, дінге қатынасына, әлеуметтік топтар мен қоғамдық бірлестіктерге жататындығына қарамастан, олардың құқықтары мен бостандығының теңдігі;

- әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе діни белгілері бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез-келген түріне тыйым салу;

- республиканың тарихи қалыптасқан бүтіндігін сақтау;

- Қазақстанның территориясында тұратын халықтардың құқықтарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтардың жалпы танылған принциптері мен нормаларына және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкестігіне кепілдік беру;

- Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық мәдениеті мен тілінің дамуына ықпал ету;

- қайшылықтар мен дау-дамайларды өз уақытында және бейбіт түрде шешу;

- мемлекеттің қауіпсіздігін бұзуға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлтаралық және діни араздықты, жеккөрушілікті немесе дұшпандықты қоздыруға бағытталған іс-әрекеттерге тыйым салу;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін одан тыс жерлерде қорғау, шет елдерде тұратын отандастарына өздерінің ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрін сақтауына және дамытуына, олардың халықаралық құқық нормаларына сәйкес тарихи отанымен байланысын нығайтуына қолдау көрсету. Бұл принциптердің бәрі қазіргі кезде өмірде іске асуда.¹

Елімізді табысты дамытудың басты шарты ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қолдау болып отыр. Елімізде ұлттық және діни қатынастарды әріғарай үйлестіру, қазақстандық қоғамда толерантты сананы қалыптастыру мен экстремизмнің алдын алу бойынша шаралардың тиімді жүйесін дайындау және жүзеге асыру шешімі ұлттық-мәдени, діни және мемлекеттік емес бірлестіктердің кең қолдауымен мемлекеттік және

¹ Байтусова И.Е., Новохатская Е.Н., Тасбулатова Э.М. Межнациональное согласие как основной вектор развития политики РК. СКГУ им. М. Козыбаева. 2005. С. 98.

жергілікті органдардың үйлескен күш салуын талап ететін кешенді міндеттер болып табылады.

Жалпы алғанда, қазіргі Қазақстанда ұлттық қатынастар саласындағы басты үрдістер мыналар: 1) басқа этностардың дамуы үшін қолайлы жағдайларды жасаумен бір мезгілде қазақ этносының ұлттық сана-сезімінің өсуі; 2) азаматтарды ұлттық теңестірудің қазақстандық үлгісін жасау. Этносаралық тұрақтылықты сақтау мемлекеттік саясаттың негізі болып табылады. Этностық келісім идеясы, Қазақстанда бірлесіп тұратын барлық этностар мен этникалық топтардың құқықтық теңдігі заңның нормасы болып табылады. Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер, оның ішінде шетелдік зерттеушілер этникалық ерекшелікті және Қазақстанның этникалық-мәдени көптүрлілігін сақтауға бағытталған тұрақты мемлекеттік саясатына мән беріп, атап өтуде.² Мұның барлығы ішкі саясаттың іргелі негізі ең алдымен этносаралық консенсус принциптері екендігін дәлелдейді. Алға қарай даму үшін бірлесіп нығаю –Қазақстан Республикасының ішкі саясатын осылайшасипаттауға болады. Қазақстанда 140-қа жуық этностың өкілі тұрады, сондықтан Қазақстан өзінің этнодемографиялық құрамы және көптүрлі діні мен мәдениеті бойынша полиэтникалық мемлекет болып табылады. Полиэтникалық мемлекеттің қазақстандық үлгісі келесі белгілермен сипатталады.

Біріншіден, ұлттық саясаттың базалық элементтерінің бірі басқа этностардың дамуы үшін барлық жағдайларды жасаумен бір мезгілде қазақ мәдениетінің өзегінмақсатты дамыту. Аса қатаң сынақтарды бастан кешірсе де, қазақ халқы бұл үшін басқа халықтарды жазғырмайды, еліміздегі этносаралық қатынастардың негізі болып табылатын ұлттық толеранттықты, сенім мен достықты сақтауға тырысады.

Екіншіден, мемлекеттік ұлттық саясаттың маңызды ерекшелігі тіл саясаты болып табылады. Қазақстанда екі негізгі тілде сөйлейтіндердің арасында саяси шиеленістің болмау себебі – халық олардың барлық қазақстандықтардың өміріндегі шынайы маңызын түсінді.

Үшіншіден, Қазақстан қандай да бір этностың өміріне діннің тарихи қалыптасқан дәстүрлі ықпалын ескереді. Бүгінгі күні мемлекет пен діни қауымдастық ынтымақтастығының екі ортақ нүктесі бар. Біріншісі – бұл татулыққа және азаматтық келісімге ұмтылу. Екіншісі – бұл мәдениетті дамыту және қайта жандандыру. Ұлттық және діни

² Максакова О.А. Диалог культур в условиях поликультурной среды: Проблемы межкультурной коммуникации в современном образовательном пространстве // Материалы международной научно-практической конференции. Тобольск. 2003. С. 167.

мәдениетті бір-бірінен бөліп қарау қиын. Сонымен қатар, Қазақстан зайырлы мемлекет және кез-келген ерекше діни идеологияны орнатуға қарсы.

Төртіншіден, Қазақстан үлгісінің ерекшелігі Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени орталықтарын мақсатты құру және диаспоралардың өздерінің тарихи отандарымен байланысына қолдау көрсету болып табылады. Бұл рөлді Қазақстан халықтары Ассамблеясы атқарады.

Ұлттық саясат пен этносаралық келісімнің негізгі принципін Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев анықтап берді: «Ешқандай ұлттық ерекшелікке бөліну болмайды. Ұлттар көп, ал жер біреу. Сондықтан, заңда бекітілгендей басқаның құқығын құрметтеу, барлығының толыққанды дамуы үшін барынша кең мүмкіндіктер қажет».³ Қазақстан Республикасының Негізгі Заңында бұл тезис заң жүзінде рәсімделген:

14.1. бап. Заң алдында және сот алдында барлығы тең.

14.2. бап. Шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, көзқарасына, тұрғылықты жеріне немесе басқа да жағдайларға байланысты ешкім де қандай да бір кемсітуге ұшырамайды.

19.1. бап. Әрбір адам өзінің ұлтын, партиясын, ұстанатын дінін анықтауға және көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы.

19.2. бап. Әрбір адам ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қатынас, тәрбиелеу, білім алу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқылы.⁴

Сонымен қатар, бұл құқықтарға ие болу кімді болса да, оны өзіне толық құқылы азаматтық берген мемлекетке қатысты азаматтық міндеттерінен босатпайды. Барлық ұлттық топтардың өкілдері өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің аймақтық бүтіндігін, егемендігін және тәуелсіздігін құрметтеп қана қоймай, сонымен қатар, қорғауға да міндетті.

Ұлттық алауыздықты, жеккөрушілікті және ерекшелік сезімін, сепаратистік көңіл-күйді тудыру мақсатындағы кез келген іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қатаң жазаланады. Мемлекеттердің әлемдік даму тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық әлеует пен саяси тұрақтылық еліміздегі халықтың өзара түсіністігіне және келісіміне байланысты. Бұл жерде басты рөлді 1995 жылы құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы атқаруда.

2007 жылы мамырда жүргізілген конституциялық реформадан

³ Конституция Республики Казахстан. Алматы, Жеты-Жарғы. 2002. С. 9.

⁴ Казахстанская правда. 5 января 1999 г.

кейін 2008 жылы 20 қазанда «Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, бұл орган конституциялық мәртебегіне ие болды. Осыған байланысты әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің басты шарты ретінде Қазақстанда қоғамдық келісімді әрі қарай нығайту үшін Ассамблея қызметінің құқықтық базасын жетілдірудің қажеттігі туралы мәселе өзекті болып тұр.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметі Қазақстанның барлық халқы бірлесіп жинақтаған позитивті тәжірибеден тұрады және оны әлемдік тәжірибеде этносаралық проблемаларды шешуде пайдалану қажет. Қазақстанның жалпы ұлттық келісімге ие егеменді мемлекет ретінде дамуы еліміздің барлық азаматтарының тең құқылы ынтымақтастығымен, олардың өзара жауапкершілігімен тікелей байланысты. Этностардың тілін, мәдениеті мен ұлттық сана-сезімін еркін қайта жандандыру мен дамытудың қарқынды үдерісі қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамның дамуының басты белгісі болып табылады. Әрине, ұлттық саясат саласындағы проблемаларды байқамау дұрыс емес. Мысалы, осындай проблема заңсыз еңбек миграциясы болуы мүмкін, яғни, жұмыс күшінің еркін орналасуы, жалақыға және еңбектің басқа да шарттарына қатысты жұмысшыларға тең қатынастардың болмауы және т.б. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында еңбек миграциясы негізінен маман емес және біліктілігі аз мамандардан тұрады, 2006 жылы заң түрінде 1850 мың адам тіркелген. Қазірдің өзінде ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайында Қазақстанда экономикалық және еңбек миграциясы деңгейі айтарлықтай төмендегенде, заңсыз миграция мәселесін жергілікті тұрғындар көбінесе, ұлттаралық қатынастар тұрғысынан қарайтынын атап өту керек. Заңсыз (кейде заңды) мигранттарға этникалық деңгейде (жұмысшылардың жоғары немесе төмен біліктілігі, нарықтық қатынастардың тәжірибесі мен дәстүрі, тапқырлық ұлттық белгісі ретінде) еңбек нарығындағы бәсекелес ретінде қарау орын алған. Жергілікті жұмысшыларда әлеуметтік әділеттілік талаптарында рәсімделетін еңбек нарығындағы кемсітуге наразылық сезімі жиі пайда болады.⁵ Өкінішке орай, шетелдік мердігерлер мен компаниялардың өздеріне жұмысқа алатын еңбек мигранттарының бірқатар бөлігі жергілікті халықпен салыстырғанда жоғары білікті маман еместігін мойындау керек. Алайда, олардың жалақысы қазақстандық маманның еңбек ақысынан бірнеше есе жоғары. Шетелдік компаниялардың еңбек ұжымында этносаралық шиеленістердің болып тұратынын мұнайгаз секторының

⁵ Джефф Эрлих. Фонд Евразия Центральной Азии (ФЕЦА) «О состоянии трудовой миграции в государствах Центральной Азии». Доклад Президента ФЕЦА. Бишкек, 2007.

кәсіпорындарында орын алған қаттығыстар дәлелдейді. Әрине, бұл жағдайда ұлтаралық қайшылықтардың себептері кешенді сипатта болады: экономикалық (әлеуметтік инфрақұрылымның дамымағандығы, жұмыс орындары мен жұмыс күші құрылымдарының теңсіздігі, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі), қондырмалық (ұлтаралық үдерістерді реттеуде мемлекеттік құрылымның тиімсіздігі), идеологиялық. Шетелдік жұмысшылардың қазақ халқының тілін, салты мен дәстүрін құрметтемеу фактілері кездесіп қалады.

Мұндай оқиғалар жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша ҚР заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үдерісінде түпкілікті шешілуі тиіс және осыған сәйкес шетелдік мердігерлер қазақстандық және шетелдік жұмысшыларға бірдей еңбек жағдайын және бірдей еңбек ақысын қамтамасыз етуі қажет, сонымен қатар, бұл заң актілері шетелдік мердігерлер қазақстандық кадрларды жұмысқа тарту барысында оларды кемсітпейтіндей жағдайлар жасайтын шарт міндеттерінің орындалуын қадағалауға мүмкіндік беруі тиіс.

2009 жылы 26 қазанда Қазақстан халықтары Ассамблеясының XV сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған «Қазақстанның ұлттық бірлігінің доктриналары» жобасын талқылау барысында қоғамда тіл, ұлттық теңдік проблемалары, ұлттық-мәдени даму және т.б. мәселелерге қатысты айтарлықтай қақпайласуға жеткілікті себептер пайда болды. Сонымен қатар, бұл қақпайласу қазақстандық қоғамның ұлттық мемлекетті дамыту проблемаларына ерекше қызығушылығын тағы да көрсетеді және «Жеңіл қол жеткізген келісімге сенуге болмайды» деп ұлы шығыс ойшылы Лао-Цзы айтқан сөздің шындығын дәлелдейді.⁶

Қандай жағдай болмасын, мемлекетіміздің басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XX сессиясында баяндаған тезисі талас тудырмайды және өз кезегінде аксиома болып табылады, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының ұлтаралық келісім орнаған мемлекет ретінде дамуының басты векторы болуы тиіс – «Кез келген ұлттың, мейлі ол азғантай ұлт болсын, олардың мүдделеріне назар аудару, ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарына шын құрметпен қарау – бұл әділетті ұлтаралық татулықтың негізі».⁷

Ұлттық бірлік доктринасында мемлекеттік тіл маңызды басымдық, рухани және ұлттық бірліктің басты факторы ретінде анықталған. Оны меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының борышы мен міндеті, жеке басының бәсекеге қабілетін және қоғамдық өмірге

⁶ Мудрость веков. М.: Светоч. 2002. С. 34.

⁷ Казахстанская правда. 24 декабря 2003 г.

белсенді қатысуын анықтайтын стимул болуы тиіс.

Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері үшін туған үйіне айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Біздің көпұлтты мемлекетімізде татулық пен келісімді, мәдениет пен діннің диалогын әлемдік эталон әділетті түрде мойындаған. Қазақстан халықтары Ассамблеясы мәдениет диалогының бірегей еуроазиялық үлгісі болды. Қазақстан ғаламдық конфессияаралық диалогтың орталығына айналды.

Елбасымыз айтқандай, біздің лайықты тарихымыз, даңқты ата-бабаларымызды есте сақтау алдағы уақытта да қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Қиын-қыстау кезеңде халқымыз әрдайым бірігіп, қиыншылықтың бәрін өз жеңістеріне айналдыра білгендігіне тарих куә.